



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 32 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2008 жылғы 21 қазан

Қаржы нарығындағы жағдай туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2008 жылғы қыркүйекте 0,6% құрады (2007 жылғы қыркүйекте – 2,2%). Азық-түлік тауарларының бағалары 0,1%, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары 0,3%, ақылы қызмет көрсету 1,5% өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2008 жылғы қыркүйекте бағалардың ең жоғары өсуі жұмыртқа бағасының 4,8%, сүт өнімдері бағасының 1,4%, ет және ет өнімдері бағасының 0,9% өсуінде тіркелді. Жеміс пен көкөністің бағалары 4,2% төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім бағаларының 0,5% және үй тұрмысында пайдаланатын заттар бағаларының 0,4% көтерілуі байқалды. Бензиннің және дизель отынының бағалары тиісінше 3,1% және 2,7% төмендеді.


Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулер 1,5% қымбаттады. Бұл ретте электр энергиясы 3,1%, газбен қамтамасыз ету 3,0%, сумен қамтамасыз ету 1,0% қымбаттады. Көлік қызметінің бағалары мен тарифтері 1,5%, оның ішінде автомобиль жолаушылар көлігінің қызметі 3,3%, медициналық қызмет көрсету 1,2% өсті.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте инфляция 8,1% құрады (2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 8,6%).

Инфляцияның жоғары деңгейде сақталуына осы кезеңде негізінен көлік қызметінің 16,8%, оның ішінде автомобиль көлігі қызметінің 19,1%, сондай-ақ нан өнімдері мен жарма өнімдерінің 16,8%, оның ішінде күріштің 70,6%, макарон өнімдерінің 16,5%, бидай ұнының 15,7% және қанттың 10,1% қымбаттауы есебінен бағалары 9,1% және 8,9% өскен (2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте тиісінше 7,3% және 11,4%) ақылы қызмет көрсетудің және азық-түлік тауарларының қымбаттауы себепші болды (1-график).

1-график

2007 және 2008 жж. қаңтар-қыркүйектегі инфляция және оның құрамдас бөліктері



2008 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық көрсетумен 18,2% құрады (2007 жылғы желтоқсанда – 18,8%).

Жылдық инфляцияның 2008 жылғы қыркүйектен бастап байқалып отырған бәсеңдеуінің ағымдағы жылдың аяғына дейін сақталатыны күтілуде.

2. Төлем балансы және сыртқы борыш

2008 жылғы 1-жартыжылдықта төлем балансының ағымдағы шоты ЖІӨ-ге қатысты 11,3% құрай отырып, 6,5 млрд. АҚШ долларына тең оң сальдо болып қалыптасты (2007 жылғы 1-жартыжылдықта – дефицит 2,6 млрд. АҚШ долл., 2007 жылдың қорытындысы бойынша – дефицит 7,3 млрд. АҚШ долл.). Ағымдағы операциялар балансының біршама жақсаруы тауарлар экспортының өсуімен және алдымен, мұнайдың өсуімен қамтамасыз етілді.

2007 жылдың және 2008 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындылары бойынша тауарлар экспортындағы мұнай және газ конденсаты экспортынан түсетін кірістердің үлесі 60%-дан асты. 2008 жылдың бірінші жартыжылдығында тауарлардың таза экспорты 2007 жылдың бірінші жартыжылдығының көрсеткішімен салыстырғанда 2,5 есе өсіп, жаңа рекордтық деңгейге - 18 млрд. АҚШ долларына дейін жетті. Экспорттан түскен кірістер ағымдағы операциялар шотының басқа құрамдас бөліктері бойынша ресурстардың нетто-ағынын толық өтеді. Кірістер балансы дефицитінің 45,3% (7,9 млрд. АҚШ доллары) өсуі кезінде халықаралық қызмет көрсету бойынша теріс дисбаланс 2007 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 1,3% (3,2 млрд. АҚШ доллары), ал ағымдағы трансферттер балансының теріс сальдосы 2,5 есе (367 млн. АҚШ долл.) қысқарды.

2008 жылдың 1-жартыжылдығында тауарлар импорты 17,4 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2007 жылдың 1-жартыжылдығына қарағанда 16,1% жоғары.

Халықаралық қызмет көрсету импортының (2007 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 8,3%-ға) қалыпты өсуі және оның 2007 жылдың 2-жартыжылдығымен салыстырғанда (22,3%-ға) айтарлықтай қысқаруы Теңіз кен орнында екінші буындағы зауыттың құрылысының аяқталуымен байланысты.

Мұнайдың әлемдік бағаларының жоғары деңгейін тауарлар экспортының өсуі, сондай-ақ резидент еместердің кірістерді қайтару көлемінің өсуі қамтамасыз етеді. 2008 жылғы 1-жартыжылдықта резидент еместердің кірістері өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 36,6% ұлғайды, оның ішінде тікелей шетелдік инвесторларға дивидендтер төлеу 69,3% (5,7 млрд. АҚШ долл.) ұлғайды.

Банк секторында сыртқы борыштық міндеттемелердің таза төмендеуі 1,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Банктердің сыртқы міндеттемелерінің бір бөлігі 2008 жылдың 1-жартыжылдығында 0,2 млрд. АҚШ долларына төмендеген меншікті сыртқы активтері есебінен өтелді.

Банк секторына ағынның қысқаруы белгілі бір дәрежеде басқа секторлардың сырттан қарыз алуы есебінен өтелді. Борыштық міндеттемелердің өсуі 2008 жылдың 1-жартыжылдығында 2,2 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың түсуі 3,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстан резиденттерінің шетелдік еншілес кәсіпорындарға инвестицияларының көлемі өскен кезде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2,5 млрд. АҚШ долларына жуық болды. Шетелге тікелей инвестициялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі (басым түрде Қазақстандық мұнайгаз секторы кәсіпорындарының) 2008 жылдың 1-жартыжылдығында 1 млрд. АҚШ доллары болды.

Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы жыл басынан бері 4,0% ұлғая отырып, 2008 жылғы маусымның аяғында 100,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстан резиденттерінің борыштық міндеттемелерінің құрылымындағы қысқа мерзімді борыштың (1 жылға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар міндеттемелер) үлесі 10,7% (2007 жылғы желтоқсанның аяғында – 12,2%) құрай отырып, жыл басынан бері төмендеді.

Үкімет пен Ұлттық Банктің міндеттемелерін қамтитын мемлекеттік сыртқы борыштың үлесіне жалпы сыртқы борыштың жалпы көлемінің 2%-нан азы тиесілі – ол жартыжылдықта 24 млн. АҚШ долларына қысқара отырып, 2008 жылғы 30 маусымда 1,6 млрд. АҚШ долларынан кем болды.

3. Ақша агрегаттары және халықаралық резервтер.

2008 жылғы қыркүйекте ақша массасы банк жүйесінің ішкі активтерінің қысқаруы есебінен 5 885,8 млрд. теңгеге дейін 0,03% шамалы қысқарды. Жыл басынан бастап ақша массасы 27,1% өсті.

2008 жылғы қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақша 806,8 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап – 9,1% өсу) дейін 1,3% өсті, бұл ретте банк жүйесіндегі депозиттер 5 079,0 млрд. теңгеге дейін 0,2% қысқарды (жыл басынан бастап – 30,6% өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның депозиттердің өсу қарқынының сығымдалуы аясында өсуі ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2008 жылғы тамыздағы 86,5%-дан қыркүйекте 86,3%-ға дейін төмендеуіне себепші болды.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынының қысқаруы аясында ақша базасының кеңеюі салдарынан 2008 жылғы тамыздағы 3,36-дан қыркүйектегі 3,35-ке дейін қысқарды.

2008 жылғы қыркүйекте ақша базасының 0,2%-ға 1 754,9 млрд. теңгеге дейін кеңеюіне Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ықпал етті (жыл басынан бастап 19,9%-ға кеңею).

Таза ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 4,5%-ға кеңейіп, 1 546,6 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап – кеңеюі 6,4%) дейін жетті.

2008 жылғы қазанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері 4,5% (немесе 977,7 млн. АҚШ долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сату бойынша операциялар, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен ішінара бейтараптандырылды.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (СКВ) 915,3 млн. АҚШ долл., алтындағы активтер оның әлемдік нарықтардағы бағасының 3,1% төмендеуі нәтижесінде 62,4 млн. АҚШ долл. төмендеді.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 27 416,2 млн. АҚШ долл.) айдың басынан бері 2,3%-ға, 48 391,2 млн. АҚШ долл. дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі 2008 жылғы қазанның бірінші жартысында ақша базасының 3,9%-ға (немесе 68,2 млрд. теңгеге) сығымдалуына себепші болды.

4. Валюта нарығы

2008 жылғы қыркүйекте ішкі валюта нарығындағы ахуал теңгенің АҚШ долларына қатысты шамалы әлсіреуімен сипатталды.

Бір айдың ішінде теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 доллар үшін 119,48–119,85 теңге диапазонында өзгерді. 2008 жылғы қыркүйек үшін теңге 0,25% (жыл басынан бастап теңге 0,38% нығайды) әлсіреді және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы доллар үшін 119,84 теңге болды.

Қыркүйекте Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескере отырып, тамызбен салыстырғанда 2,4% азайды және 7,4 млрд. АҚШ долл. (9 ай үшін – 50,0 млрд. АҚШ долл.) болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 5,4% ұлғайды және 8,4 млрд. АҚШ долл. (9 ай үшін – 76,6 млрд. АҚШ долл.) болды.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2008 жылғы қыркүйекте Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион болды. Оларға 6 айлық МЕККАМ (5,8 млрд. теңге), 9 айлық МЕККАМ (10,7 млрд. теңге), 12 айлық МЕККАМ (10,4 млрд. теңге), 2-жылдық

МЕОКАМ (10,0 млрд. теңге) және 3 жылдық МЕОКАМ (10,0 млрд. теңге және 20,2 млрд. теңге бойынша 2 аукцион) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 6 айлық МЕККАМ бойынша – 6,81%, 9 айлық МЕККАМ бойынша – 7,38%, 12 айлық МЕККАМ бойынша – 7,61%, 2 жылдық МЕОКАМ бойынша – 8,16%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша - 8,63% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 8,01% (жыл басынан бастап – 43%) ұлғайып, 2008 жылғы қыркүйектің аяғында 730,9 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноталары эмиссиясының көлемі 2008 жылғы қыркүйекте 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 24,4% азайды және 318,0 млрд. теңге болды. Айналыс мерзімі 28 және 364 күн болатын ноталар шығарылды. Ағымдағы жылдың басынан бастап ноталарды шығару 2264,2 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2008 жылғы тамыздағы 6,11%-дан 2008 жылғы қыркүйекте 7,00%-ға дейін көтерілді.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2008 жылғы қыркүйектің аяғында 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 9,9% ұлғайып, 471,8 млрд. теңге болды.

6. Банкаралық ақша нарығы

2008 жылғы қыркүйекте 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 21,1% (жыл басынан бері 1,3 есе дерлік) төмендеп, баламасы 9242,8 млрд.теңгені құрады.

Орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттерінің көлемі 4,0% төмендеп, 1153,5 млрд.теңгені (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 12,5%-ы) құрады. Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қыркүйекте 5,00%-дан 5,13%-ға дейін жоғарылады.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі қыркүйекте тамызбен салыстырғанда 1,5% жоғарылап, 930,2 млрд. теңгені құрады.

2008 жылғы қыркүйекте орналастырылған доллардағы депозиттерінің көлемі 10,1% төмендеп, 54,1 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 70,1%-ы) құрады. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2,16%-дан 2,58%-ға дейін жоғарылады.

2008 жылғы қыркүйекте еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 9,2 млрд. еуроға дейін 48,3% (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 17,2%-ы) төмендеді. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,23%-дан 4,15%-ға дейін төмендеді.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1,0%-ынан аз.

Тұтастай алғанда, шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 87,5% құрап, жоғары болып қалып отыр. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (85%) резидент емес банктерде орналастырылған.

7. Депозит нарығы.

2008 жылғы қыркүйекте резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,2% дейін төмендеп, (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 30,6% жоғарылап), 5079,9 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 0,04% төмендеп, 3556,7 млрд. теңге, жеке тұлғалардың депозиттері 0,7% төмендеп, 1522,3 млрд. теңге болды.

2008 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы депозиттер 3,5% ұлғайып, 3213,9 млрд. теңге болды, шетел валютасындағы депозиттер 6,1% төмендеп, 1865,1 млрд. теңге болды. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 61,0 %-дан 63,3%-ға дейін көтерілді.

Халықтың (резидент еместерді қосқанда) банктердегі салымдары бір айда 0,7 % төмендеп (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 6,8% ұлғайып), 1546,2 млрд. теңге

болды. 2008 жылғы қыркүйекте халық салымдарының құрылымындағы теңгедегі депозиттер 0,9% төмендеп, 1004,6 млрд. теңгеге дейін төмендеді, ал шетел валютасындағы депозиттер 0,4% төмендеп, 541,6 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 65,1%-дан 65,0%-ға дейін төмендеді.

2008 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,4% (2008 жылғы тамызда – 4,4%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 11,7% (10,4%) құрады.

8. Кредит нарығы

Жедел деректер бойынша 2008 жылғы қыркүйекте банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,3% көтеріліп (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,4% ұлғайып), 7289,6 млрд. теңгені құрады.

Қыркүйекте ұлттық валютадағы кредиттер 0,6% төмендеп, 4088,5 млрд. теңгені құрады, ал шетел валютасындағы кредиттер 1,4% өсіп, 3201,1 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 56,6%-дан 56,1%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттер қыркүйекте 0,2% төмендеп, 5795,3 млрд. теңгені құрады, ал қысқа мерзімді кредиттер 2,2% жоғарылап, 1494,3 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде, ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 79,9%-дан 79,5%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер қыркүйекте 0,9% ұлғайып, 4881,2 млрд.теңгені құрады, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 0,9% төмендеп, 2408,4 млрд.теңгені құрады. Нәтижесінде, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 33,5%-дан 33,0%-ға дейін төмендеді.

Қыркүйекте банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері тамызбен салыстырғанда 0,2% (2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,5%-ға төмендеу) ұлғайып, 1467,6 млрд. теңгені құрады.

Салалық бөлуде экономиканың сауда (22,1%), құрылыс (18,5%), өнеркәсіп (9,6%) және ауыл шаруашылығы (3,5%) тәрізді салалары неғұрлым белсендірек кредиттеліп отыр.

2008 жылғы қыркүйекте жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,3%-дан 19,4%-ға дейін, ал заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша 16,7%-дан 16,2%-ға дейін төмендеді.